



Бекітемін

Директор  
М.Қ. Нұргалиев  
«01».05.2020ж.

01.01.2020ж жағдай бойынша

## **ЕРЕЖЕ** **оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы**

### **1. Жалпы ережелер**

Колледжде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі негізінде әзірленді.

Ереже Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын колледжде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыруды регламенттейді.

Оқу-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының заңнамасына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және жоғарыда көрсетілген Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

### **2. Оқу-әдістемелік жұмыстың міндеттері**

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру процесінің жаңа технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және қолданыстағы технологияларды жетілдіру;
- педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру.

### **3. Колледждегі оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұны**

Колледжде оқу-әдістемелік жұмыс келесі бағыттардан тұрады:

- 1) Нормативтік құқықтық құжаттарды, білім беруді басқару органдарының ұсынымдарын, оқу-бағдарламалық құжаттарды зерделеуді және талдауды ұйымдастыру, оларға толықтырулар мен түзетулер енгізу;
- 2) оқу орнында сынақтан өткізу үшін ұсынылған авторлық бағдарламаларды талқылау;
- 3) еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, кәсіптер тізбесін өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 4) ағымдағы, аралық бақылау қорытындыларын талқылау; білім алушылардың білім, дағды мен іскерлігінің сапасын талдау және нәтижелерді жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 5) педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, бастауыш педагогикалық қызметкерлерге және өндірістік оқыту шеберлеріне оқу сабақтары мен сабақтан тыс іс-шараларды дайындауға және өткізуге көмек көрсету;
- 6) сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізу және оларды талқылау; ғылым мен техниканың жетістіктерін, оқу-тәрбие жұмысындағы озық тәжірибені және оқытудың жаңа технологияларын зерделеу, іріктеу және жұмыс практикасына енгізу;
- 7) пәндер мен кәсіптер бойынша конкурстар, олимпиадалар ұйымдастыру және өткізу;
- 8) педагогикалық әдебиеттерді, рефераттарды, баяндамаларды, әдістемелік әзірлемелер мен

құралдарды, оқытудың техникалық құралдарын және электронды-есептеу техникасын шолуды ұйымдастыру;

9) ынтымақтастық педагогикасы, өзін-өзі басқару, білім алушыларды оқу-тәрбие процесін жақсартуға және еңбекті ұйымдастырудың, өзара тексеру мен өзара көмектің тиімді нысандарын неғұрлым кеңірек пайдалануға тарту жөніндегі жұмысты жетілдіру.

#### **4. Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тәртібі**

- Оқу-әдістемелік жұмыс оқу үдерісін, техникалық кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын, үйлестіретін барлық құрылымдық бөлімшелерде (кафедраларда, бөлімшелерде) және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі мамандандырылған құрылымдық бөлімшелерде (орталықтар, кабинеттер) жүзеге асырылады.

- Білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысына тікелей басшылықты білім беру ұйымы басшысының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

- Құрылымдық бөлімшелердің оқу - әдістемелік жұмысына жалпы басшылықты сайланбалы өкілетті органдар-тиісті бөлімшелердің педагогикалық кеңестері жүзеге асырады. Құрылымдық бөлімшенің әдістемелік кеңесін құру және қызметінің тәртібін, құрамы мен өкілеттіктерін білім беру ұйымының кеңесі айқындайды.

- Ұжымдық әдістемелік жұмыстың формалары кафедра, озық тәжірибе мектебі, нұсқаулық-әдістемелік кеңестер, семинарлар, практикұмдар мен конференциялар болып табылады.

- Негізгі бағыттар бойынша оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

#### **5. Оқу-әдістемелік құжаттар**

1. Білім беру ұйымдарының тиісті құрылымдық бөлімшелері әзірлейді, құрылымдық бөлімшелердің, білім беру ұйымдарының әдістемелік комиссияларында, әдістемелік кеңестерінде талқылаудан өтеді және олардың оң қорытындысын алғаннан кейін білім беру ұйымының басшысы, басшының оқу, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары бекітеді.

2. Білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға, үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жұмыс оқу жоспарларын әзірлейді, оларды тиісті әдістемелік комиссиялар, құрылымдық бөлімшелердің (факультеттердің, бөлімшелердің) кеңестері, білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі мамандандырылған құрылымдық бөлімшелер қарайды және барлық тиісті әдістемелік кеңестерде оң қорытынды алғаннан кейін білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

3. Жұмыс оқу бағдарламалары мен КТП, КТП үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытушылармен әзірленеді, құрылымдық бөлімшенің, білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен қаралады және білім беру ұйымы басшысының оқу (оқу-әдістемелік) жұмысы жөніндегі орынбасарымен бекітіледі. Сабақ жоспарларын оқытушылар электронды немесе қағаз түрінде жоспарлау туралы Ережеге сәйкес әзірлейді.

4. Білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиетін әзірлеуді және басып шығаруды ұйымдастыру білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуді жоғары білікті мамандар қатарынан автор немесе авторлық ұжым жүзеге асырады. Оқулықтың, оқу-әдістемелік құралдың макеті әдістемелік комиссияларда, құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңестерінде талқылаудан өтеді және олардың оң қорытындысын алғаннан кейін білім беру ұйымы кеңесінің қарауына жіберіледі. Білім беру ұйымының кеңесі ұсынған оқулықтың, оқу-әдістемелік құралдың макеті ғылыми дәрежесі бар мамандардың және тиісті ғылым саласының жоғары санаты бар мұғалімдердің кемінде 3 рецензиясымен сараптама жүргізу және пайдалануға рұқсат алу үшін білім беру саласындағы орталық органға ұсынылады.

6. Әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстарды білім беру ұйымдарының оқытушылары әзірлейді. Әдістемелік комиссияларда, құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңестерінде,

білім беру ұйымдарында талқыланғаннан және оң қорытынды алғаннан кейін білім беру ұйымы басшысының оқу (оқу-әдістемелік) жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді.